

Г. МҰХАМБЕТОВА

МАҒЖАН ЖҮМАБАЕВ ЖӘНЕ СИМВОЛИЗМ

Қазақ өдебиетіндегі символизм туралы сөз шықса, ең алдымен тілге оралатын есімдердің бірегейі – Мағжан Жұмабаев. Мағжанның ақындық дара стиліне тән қасиеттердің нәрлі жиынтығы да осы құбылыспен тікелей тамырлас.

Табиғатынан нәзік жанды суреткер айналада отіп жатқан сан қылы дүбірі мол оқиғалардың дүмпуін ерекше шетін сезіммен, шамадан тыс өсерлене қабылдады.

Жұсіпбек Аймауытов Мағжан символизмін өтпелі дәуірлердің түйісу кезеңіндегі зандаудың ретінде қарастырады. Ескіні аңсау, жаңаға кекіл сипаттау, тыжырына, күмәндانا көз салу – ақынның басында болған жағдаят.

Символистерге хас бір белгі өршілдік болса, ол «Қаранғы қазак көгіне өрмелеп шығып күн болам! Қаранғылықтың көгіне, Күн болмағанда кім болам!», – деп тебіренетін Сұлтанмахмұт Торайғыров, өзгеше мақсаттағы құрескерлікке үндейтін талмас қанат Сәкен Сейфуллинде бар, ендігі бір нышан – сыршылдық болса, ол да жалғыз Мағжан емес, Берніяз Құлевте де, аталған және аталмаған талай жыр саңлақтарында көнінен кездеседі. Бірақ бұл сипат басқа қаламгерлердің творчествосында әредік не шоғыр-шоғыр күйде үшырасқанымен, тұтас дүниетаным мен көркемдік-эстетикалық жүйе құрайтында дәйекті, күрделі дәрежеге жеткен жоқ. Ал Мағжан Жұмабаевтың басқа қаламдастарынан ерекшелігі – ақындық, азаматтық болмысындағы қиялшыл, асқақ, түпсіз мұнға толы жаратылыс-бітімінде, өлең сөзінің келісті саздылығы мен әсем поэзиясында.

Мағжанның жан дүниесін, ой әлемін түсіну оңай емес. Ақын көнілінде тұракты мекен жоқ. Мейлінше шыншыл, ішкі байламын сынга салып, сүзгіден өткізуді қаламайтын ақынға нақты бір идеяның сонына түсіп, шаужайын көтерумен жүру жат. Кеше жарияланған, сөл бүрін айтқан пікір, толғам, көніл-күйіне сәйкес келмейтін, кейде тіпті мүлде қарама-қарсы яки едөуір жаңғырып, түрленген поэтикалық бейне, болжам, топшылау, түйіндеу сәттері қайран қалдыра коймайды. Өзгенің жөні бөлек, Мағжаннан мұндай тосян да тапқыр, оқшау жағдай, жаңалық, әрекет, шешім күтудің қызығы зор. Өйткені ақын қалыпты сана занына бағынбайды, даланың жұз

құбылған аспаныңдай сиқырлы сезім патшалығына қызмет ету бақытын ақкөз фанаттарша алақайлап, қол соға аяламайды, әдеттегі қисапсыз азап қобызын сарнату есебінде ғана ықылассыз қабылдайды. Осы қылышының өзі жұмбак. Ессіз деген әрекетіне де тоңазыған салқын баға беру жи. Тұп ниет ақыл, зерденің қазығына байланады да, қиял мен мінез тұлпары шылбыр үзіп, табаны жерге тигізбес қанат байладап алады. Ұшқыр ой арқылы ақын уақыт пен органың дөрекі қыспағынан құтылар жол іздейтіндей. Романтик символистердің мезгіл мен мекен аясындағы еркіндікке үмтүлісі М.Жұмабаевтың дүниеге тарихи, философиялық көзқарасынан, бүгінгі күннің шындығын байырғы дәуірлердегі тағлым-ды сабактармен тамырлас алып саралаудан, жыр бұрымын сұлу жарасыммен өру нәтижесін-дегі ауқымды рухани серпілістерін танылады.

М. Жұмабаевтың «От», «Пайғамбар», «Күншығыс», «Жер жүзіне», «Мен кім?», «Сырым» атты өлеңдерінде жоғарыда сөз болып кеткен философиялық мәселелер көтерінкі символистік стиліде жырланады.

Ежелгі түркі жұртының киелі тотемі саналатын от ұғымы түрлі этнографиялық, физикалық сипаттары түрінде сипаттала келіп, идеологиялық денгейде символикалық мағынаға иеленеді.

Ол – азиялық шығыс елінің жиынтық бейнесі, «Кейде жылан арбайтын, Кейде аждана жалмайтын» құдіретті күш тазалық пен ізгіліктің баламасы. Шығармада бірнеше тенденс поэтикалық образдар бар. От – Күн – Тәнірі. Бұлар әрі күншығыс халқын әрі сол жұрттың өкілі – лирикалық, кейіпкерді елестетпек. Баламаның биіктігі даусыз. Логикалық байланыс көркемдік ойдың еркіндігімен адымдас.

«Қаранғылық – дүшпаным» деп шамырқанатын автор құбылтудың мегзеу тәсілін пайдалана отырып, арнау ыңғайында, өткір интонациямен шалқы-тасып сөйлейді.

Ақынның ескі қарсыластан есе қайырғысы келеді, бірақ жауына зорлық, зомбылық көрсету емес, ыза тоқтатып, білім, ғылым, өнер үлгісін шашатын парасат асуынан табылғысы келеді. Әрине, мұның бәрі тәтті қиял, намыс қыраны боп үшқан өркеуде тілек еді. Ғылыми-болжамдық негізі бар топшылауға табан тірейтін Мағжан ар-

маны кетік ауыз тұрпайы тіршіліктің балағынан тістеген күйкілігін менсінбей, зенгір қокте сұнқардай қалықтап самғауға құмар.

Еспе қайталау, дыбыс үндестігіне негізделген туындыда («Пайғамбар») лирикалық қаһарман өзіне – аргы-бергі тарихымен алғандағы Шығыс жері мен халықтарының кешегісіне масаттанып, ертеңіне сенгені сондай, әрі қас, әрі дос көршилеріне жылы ғана тіл қатпайды, кейде жалы құдірейіп, ұрса, қорқыта кіжінетіндей. Ол эмоцияның астарында қыр елін үнсіз езгіде үстаған орыс патшалығына қатысты орасан наразылық ырықсыздық зандылығына сай тұлан тұтып жатқанын байқау қыны емес. Автор символизмге тиісті үрдіспен өмір құбылыстарын ірі көлемде, жіктеп, таразыламай, тұтас алып, сезім жігеріне қайрай суреттейді.

Арғы бабасы «асқар Алтайға» «шыққан», «Қытайға» «садақ тартқан» («Жер жүзін...») кешегі ер, қазіргі қор жағдайдағы қазағын бастапқыда ренішпен сынайтын Мағжан шығарма-шылық өнерінің шырқау кезеңінде «арыстанға» да, «жолбарыска» да, «бұлт», «жел», «күн», «тәңіз», «жалын», «тұлпарға» салыстыра келіп, «Мен кім?», – деп, Абай айтқан толғамды жаңғырта өрнек шекиді. Ұлы Абай жеке тұлғаның тіршілік мәнісін тенденсі жоқ терендікпен пайымдаса, Мағжан сол шындыққа қосыла тұрып, «Мен өлмеймін» дегенде туған ұлтының, «менікі де өлмейді» дегенде өз рухының мәнгілік бірлігін астарлай бедерлеген.

Өзгелер сияқты көп желпінбей-ак, көкейін актаруды қанағат етпей, қазаққа «патшалықты» да місе тұтпай, тым дәйексіз алысқа жетпесін біле тұрып, кол сермейді.

Ж. Аймауытов жоғарыдағы бейнелі сез нағыз ақынға ғана жарасатынын білдіріп, қаламдастын өбден түсінгендерін, артық-ауыс пендешілік шырмауынан қорғаштап бағады. Бұл кейіндегі «Адамға табын, жер енді!» дейтін Олжас Сүлейменов идеясын алдымен аялайтын, адам мен коғам, халықтың жеке тағдырына иелік етуін аңсаған, иланғысы келген жасампаз мақсаттағы тентек түсінік еді. Мұндай бейнелі байламның тамыры француз символизм негізін салушылардың бірі – Бодлер ақынды жан азаттығын өкелуші пайғамбарға балайтын көзқарасымен, француз символизмінің атасы Ш.Бодлердің ақынды құдай үлгісімен көктелген рух көрінісіне тенектін пікірлерінен қорек алып жатыр.

Өмірді өзенге, далаға сайып, өзін апыл-тапыл басқан нәрестеге үқсататын лирикалық қаһарман «Мен куансам, жас баладай куанам», «Мен қай-

ғырсам, орнатамын қиямет» деп, ерекше жаратылысын сырт көзben бағамдайды да, жоғарыдағы пікіріне көп қауымның, аяғы жер басқан жандардың назарымен қайта оралады: Осы сыры арқылы Мағжан өз болмысындағы елгезек, тез өзгергіш, өсершіл сезім жетегінде кететін шынайы мінезін паш етеді. Өнер адамын түсініксіз, ұғып болмастай тылсымға тануға өуес романтикалық символизм ағымындағы сүйікті тұжырымның табы байқалады. Автор тап-таза романтик, символист күйінде де қала алмайды, дүние құбылыстарына сыншыл тұрғыдан көніл бөлу нәтижесінде шабыт үстінде жан-жағына қарамай шырқап үшқан қылышын дін мұсылманды ортақ ұстамды ниетпен актағандай, жазықсыз «кінөдан» арылғандай күй кешеді.

Асыл махабbat жолында мерт болатын жалын жастың елден оқшау бітімін даралауға қызмет етеді. Ізбасар ақын Берниязды Мағжан өмір сырын ұғып жетпей, киялдың құлама жарынан сырғып кететін шерменде символистік тұлға ретінде қабылдаған. Бернияз тағдыры – сирек кездесетін оқиға. Басқалардың сөгуге хұқы бар, бірақ Мағжан рухани бауырының терең дария астынан сұлуғұмыр іздеген аңғал болмысын етene жақын сезінгендерін, інісінің бұл қылышын ақындығы үшін кешіреді. Шығарма романтикалық өмір тәжірибесін реалистік сергектікпен бедерлеуге мысал.

Өмір мен өлім тайталасын өдістің аясында қанат жайған символистер (бейнешілер. – Ж. Аймауытовтың термині) де жырлайды. М. Жұмабаевтың айтылмыш тақырыпқа арналған туындыларында осы екі сарын молынан қамтылады. Мұндай творчестволық өрнек қаламгер стилінің басқа жағдаяттарға да байланысты соны қырларын танытпак.

«Корқыт» поэмасында адамзат баласы үшін ең басты сауал есепті дилемма негізгі философиялық тұғырнаманы ашу, қалыптастыру ыңғайымен айшықталған. «Өліммен күресу сюжеті өсіреле қазақ пен Алтай елінің аңызында өте жарқын сарынмен айтылады. Бұл сюжет Шумер елінің эпосы «Гильгамеш» жырында да келісті түрде суреттелген. Қазақ халқының өлімге қарсы аялғысы бір ғана Қорқыт аңызымен байланысты», – дейді аяулы Әлкей Марғұлан. М. Жұмабаев халық ішіндегі аңыз, әфсаналардың бірін ғана іріктеп, оны да іс-әрекет жағынан түгендемей-ак, негізгі ойын ізерлеп көрсету орайында ықшам фабулалық желіге айналдырады.

Ә.Қоңыратбаевтың «Кейін монғолдар храмға табынса, Алтай түріктері ата-бабасының аруағы-

на (онгонға) сыйынған. Мұның өзі манихеизмнен туса керек. Әлемнің орталығы -адам, оған өлім жоқ дейтін үғым сол манихеизмнен тарайды. Қорқыт өлімнен қашады», – дейтін пікіріне зерсалсақ, поэмадағы рухани-фәлсапалық тартыстың алыс қайнарын топшылаймыз. Көне дәстүрге ессіз дәрежеде ғашық Мағжан ақындық өнердің өзін өмірді жырлау, өліммен Қорқыт атадай айқасқан тіршілік нұры мағынасында түсіндіреді. Өнердің түбі – зар екенін айрықша көнілмен түсіну романтикалық сипаттағы суреткер үшін толымды қасиет. «Қойлыбайдың қобызы» балладасында да (поэмадан ғөрі осы жанрға көп жақын. – Г.С.) М.Жұмабаев белгілі аңыздадағы кісі сенгісіз мифтік деректі сөз құдіретімен жандандыра суреттейді. Қойлыбай бақсыны аңыздар Қорқыттың шөкірті санайды. Ол Шоқан Уәлиханов айтатын «барлық бақсылардың көкесі» «бағаналы Қойлыбай». Баллададағы Қойлыбай турали тарихи мәліметтер Ш.Уәлиханов енбектерімен толық сәйкес. Қобызды бәйгеге қосу Қорқыт атасында болған хикаят екені ескі сөздерден мәлім. Мағжан бұл шығармасын да қазақтың шалғай ғасырлардан бері келе жатқан өйгілі ғұрып-салттарына бұғау түсіп, жана заманың қаһарына ұрынғандай жүдеу қалпына назаланып жазғаны анық. М. Жұмабаев бір субъект емес, тұтас ел, кезең психологиясына хас дағды-зандылықтарды шынайы һәм жоғары пафоспен өрнектей білді.

Мағжан символизмінің мазмұны тек егіліп, езілуден тұрмайды. Ақынның ескіге махаббаты қандай айқын болса, келешектегі жемістен мұлде күдер ұзбеу сезімі де рас. Әрине, ол жемістің калай пісіп-жетілерін андал, таразылау қын. М. Жұмабаевтың үлкен азаматтық үміті сахарадағы қарандылықты жою, әйелге бас бостандығын беру, халықты жаппай сауаттандыруға байланысты екені хақ. Сол дәуірдегі елінің жерқорақ халін білдіргісі келмей, өзінен-өзі жасырғысы келгендей жаны сәулелті ақын айналасындағы жабырқау көріністерге қиял кеңістігінің зенгерінен көз тігуді қалады. Ал көніл биігінен тек жақын төңірегін емес, қыыр заманаларды, көмескі оқиғаларды, данқы зор ерліктер мен құлғе көмілген көне өркениет сілемдерін, биік мәдениет, білім журнақтарын көрді. Көрді де, табынды. Мастанды. Мақтанбақ болды. Өзі үшін болса, бір сәрі, халқы үшін қайсар мұрат тұлпарына мінді. Ақжелен, жырлардағы символика, символизм осындай тәқаппар міnez бен жүген-құрық салдырmas тарпаң қиялдай қол үстасып туған-ды.

Символизм әдеби ағым ретінде Еуропада XIX ғасырдың аяғы, Ресейде XX ғасырдың басында пайда болғаны мәлім. Ж. Мореас, А. Рембо, П. Верлен, С. Малларме, Р. Гиль, Д. Мережковский, К. Бальмонт, Вяч.Иванов, В. Брюсов, А. Белый, А. Блок шығармаларымен жете танысқан М. Жұмабаев аласапыран, өліара дәуірдегі өнер үшін жан сырын терең, алансыз актаруға осы дәстүрдің озық үлгілерінен рухани бағдар тапты. Түп тамыры символизм, сентиментализммен өзектесіп жатқан бұл мектеп ең алдымен адамның субъективті ішкі әлемін дербес құбылыс ретінде, сезім еркіндігін, ойтүйсіктің жүйеге түсуді қажет етпейтін ырықсыз жарқылын, астарлы, ғарыштық мәнін дәріптеумен ерекшеленеді. Символизмді жеке дүниетаным орайында түсіну басым еді. Рас, В. Брюсов, А.Блок сияқты ақындар творчествоның жолының кейінгі кезеңдерінде мұндан, белгілі бір жағынан, әдейілік табы бар, түйік шенбердің толық ақиқатқа бастамасын білді. Сонымен катар символизм арқылы сырт дүние мен ішкі өмірдің жарасымын іздестіретін, әсем, көрікті, ырғақты поэзия құдіреті салтанат құрғаны аян. Символизм – әдебиеттің алға шапкан арыстандай жасырын күші мен батыл арманы, жүзеге асқысы келген мүмкіндіктері, түсінген жанға пердесін алған тіршіліктің ешбір тыйымға қарамас ашық мұны мен касіреті.

Мұхтар Әуезов жас шағында бірінші Абайды атай отырып, «Бұдан соң Мағжанды сүйемін. Европалығын, жарқырагын, әшекейін сүйемін. Қазақ ақындарының қара қордалы аулында туып, Еуропадағы мәдениет пен сұлулық сарайына барып жайлауы жарасқан Арқа қызын көріп сезгендей боламын», – деп бекер жазбаған. «Жарқырағы, әшекейі» – осы символистік өнер үрдісінен үйрену, еліктеу нәтижелері екені анық.

Тері, М. Жұмабаев мұрасын накты бір көркемдік әдістің көгеніне байлад қоюға болмайды. Таза реалистік туындыларымен бірге көбінесе романтизм мен символизм өсеріндегі шығармалары тілі басым. Немесе, автор туындысында осы әдіс, ағымдардың эстетикалық белгілері тығыз үйлесім тауып жүреді. Символистік көніл-күй негізінен 1911–1922 жылдардың қамтитын ақын творчествоның екінші кезеңінде құлашын жая қанаттанады.

Ж. Аймауытов Мағжанның еліктегіш табиғатын ескертеп келіп, уайым, қайғы сарынына тусу себебін көгамдағы өтпелі дәуірмен сабактастыратыны есімізде. Оған қоса ақын өмірінің өзі де «соқтықпалы, соқпақсыз» болып келгені аян. Мағжан жаратылыстан шексіз көп жақсылық, мейірім, ырыс күткен. Бірақ бақыт жұлдызы қарандылықтың үлгілерінен үйрену, еліктеу нәтижелері екенін көздеңдегендегі үйректерде әдебиеттің көніл-күй негізінен 1911–1922 жылдардың қамтитын ақын творчествоның екінші кезеңінде құлашын жая қанаттанады.

ғыда көрінсе, күн жарықта адастырып кетеді. Мәңгілік қуаныш, рахат жок. Рас, ол қасіреттің де қыстап қалмасын ұғынған. Сөйте тұрып, өмірдің өткіншілігі мен қызықтың сырғанақ опасызығына өрі қайран қалып, әрі ыза мен құсага батады. Ұлы Абайдың да басты мұны мәңгілік уақытты ұстамақ, ниетпен күресудің жеңілісін мойындаудан туған еді. Бірақ ол парасат, сабыр тізгінін босатпайтын. Қайғысын да ақылдың зынданына салып қоятын. Ал Мағжан сол шындықты түсінсе де, зорлық үкімге көнгісі келмей, сарыуайымның өзенін тентек баладай ерегісі сапыратын төрізді. Абай-әкесін қайталағысы жоқ. Мағжан өкіл әкесі — символистердің бауырына кіріп, қаланың сөніне құмартқандай, даланың құрттының қышқылынан шаһардағы тәттін артық көргендей, Батыстың сұлу күімімен қырға масая оралғандай күй кешеді. Жас жаны толы азап, жұбанышы — өнер ғана. Бұл айтылмыш ағымның көркемдік ұстанымдарына өбден сай қасиет. Әрине, Мағжан өлем символистерінің салтанатты балына шақырусыз қалмағаны сөзсіз.

Ақынның символға құрылатын шығармаларының дені табиғат, махабbat лирикасының үлесінде. 1915 жылы жазылған «Зар» атты өлеңінде келе жатқан ызғарлы күз суретін «Жер жүзі өлім күтіп тұрса жылап, сексенде селкілдеген байғұс картта», «Әл кетіп бұлғактаған бұтақтар да, Жапырак: «Ал, өлдік!» — деп сыйырласса» деген әсерлеу, кейіптеу төсілдерін ұтымды дәлелдерлік тапқыр көріністермен бейнелейтін автор бір ғана табиғат кезеңін саралаумен шектелмей, қатал қыс пен көгілдір көктемнің таныс міnez — қылышын да жақсы біліп, бедерлей алатынын ашық аңғартады. Күз де, қыс та қорқыта, тізе батыра көшіп кетер.

«Жылы жаз» Абайдың «жақсы жылым» сияқты оқшау тіркесін, соңғы жол халық жырындағы дәстүрлі образ-суретті ойға әкеледі. Бұкіл елең денесінде Абай мен фольклор үрдісінің ықпалы мол. Әйтсе де лирикалық қаһарманның Мағжан яки өзге жігіт, не қапалы сұлу екенін ажырату қын. Кейіпкердің жан драмасын сүйгеніне қосылмау не оның қаза табуы іспетті себептермен байланыстырасыз. Ең негізгі қасірет — ғашығынан айрылған сырқат жүркете. Оған ата қоныстан аластатыла бастаған қазақтың күйін жалғастырудың жөні жок. Символ әдепкіде шетін шеберлікпен мүсінделетін күз болмысы қазіргі жақының жоғалтқан шерменде жанның қайта оралмас бақытын іздел, зар шегуімен сабактас ажар алуына орай шаң береді. Лирикалық қаһарманға қыс та, жаз да, көктем де алыс. Оны биле-

ген көңіл-күйдің үлесі — күз. «Айттым сәлем, қаламқаста» шын асық тағдырға қалай бой ұсынса, мұнда да келенсіз ауыртпалықты мойындау бар. Алайда бұл ғашық тек қайта айналмас махаббатымен ғана қоштаспайды, күллі өмірінің мәні мен құнын бірдей мансұқ етеді. Сезім алтруизмі. Бір сәтті ұзак мерзімге айырбастамау. Қайғының өзін қымбат бағалау, болашақ игіліктерден құлақкесті түңілу өуені дірдек қағады. Нәзік әсер қайратты таным сырына айнала бастайды.

М. Жұмабаевтың «Толқын», «Қайын», «Жазғытыры», «Жазғытырим», «Жазғы жолда», «Жаз келеді», «Күз», «Туған жер», «Жазғы тан» төрізді табиғат мерзімдеріне басым түрде реалистік на зармен көз салатын шығармаларынан басқа біраз өлендерінде астрофизикалық құбылыстарға қатысты ишараптың мағынадағы көмескі ойды сағыммен безендіре, сөндөндіре бейнелеу жиі ұшырасады. Омбы түрмесінде жатқан кезінде туған лирикасында «Күндіз — күн, түнде күміс Ай көрмеймін» («Сарғайдым»), «Алтын күнді, қара жерді сағындым» («Сағындым») деген іспетті тіркестердің ауыспалы мәні — туған дала, бостандық, ата-ананы аңсау болса да, бірінде «Қалың ой — қара жылан жүректі еміп», екіншісінде «Қара жылан — қалың ойлар қаптады» болып келетін түбірлес метафоралар шұғыл тапқырлықпен қолданылса да, Сарыарқа еркіндік бейнесі есебінде терең көрсетсе де, бұл дүниелердің символизм рухынан ғөрі символизм лептегі реалистік бояуы қалың екенін анғарасыз. Ал риторикалық сұрауға жүк артқан «Жылқышыда» боранды қыс пен тірі-өлісі белгісіз малыш шаруаның халі суреттік мол бедермен, сыншылық, аяушылық өуенде қамтылады.

Символдық өрнек нақты заттық құбылыс кейінтеу дәрежесіне жеткендей шақта түгі жайнап, түрленетіндей.

«Жел» атты бірінші өленде тұтқындағы кейіпкерге Сарыарқадағы ел сағынышын жеткізген табиғат еркесінің зарығуы, ызалануы, «қажып», жылауы әдеттегі бейнелі қимылды елестестсе, алғашқы шумақты соңғы тармағын өзгерте қайталаityн аяққы жолдар психологиялық егіздеу төсілі арқылы адам уайымы мен заман қасіретін қатар түспалдайды,

Осы аттас екінші өленде жел бұзық баланың ерепейсіз қылыштарына тенденс сипат ала келіп, «көлдің бетін кестелеп», «көрі арманды оятып» қана қоймай, тағы бір тосын өрекетке көшеді.

Ақынның ауыстыра ойлау жүйесі өртүрлі нысанды жан бітіре қабылдап, дала сұлуы — желдің сан құбылған өсем келбетін ыргақ, үйқас

келісімімен бедерлеген. Тентек жел сүйкімді өрі батыл бозбаланың ұлттық рәсімдегі ойын-қалжынымен лирикалық қаһарманды қызықтырады. Бақытты кім? Қыз ба? Жігіт пе? Екеуі де болуға тиіс. Символ не? Символ — еркіндік, азаттық. Азаптағы ақын жанын мазақтай ғашық ететін, жалына қол тигізбес ерке мінез бостандық.

Негізінен өйсл тақырыбын, маҳаббат сырын символизм (Ж. Аймауытов термині. — Г.С.) стилінде үзілдіре суреттейтін Мағжан лирикасындағы психологизм де, символизм көріністері де осы төніректегі шығармалардан мол кездеседі. Символистер өйелді өдемілік мұратына балап, айнала қуыс дүниені толтыратын бір алданыш, шынайы ғашықтық сезім деп түсінгені мәлім. Осы көркемдік ұстанымның құдіретін «Александр Блок» атты өлеңінде тамсана, талғай суреттейтін М.Жұмабаев «Әйел» деген лирикалық сюжетті туындысында ауқымды философиялық толғамын астарлай жеткізеді. Автор «Құран Көрімдегі» хикая мазмұнына сүйеніп, қасиетті кітаптағы терең ойды тебірене баяндайды. Кейде ізгі тілек, достық қолын ұсина сөйлейтін ақын «Жәмила» сияқты шығармасында теңсіз өміріне назалы қарындастың жан мұнын іштей болжап, нәзік көнілі елжірей, арнау түрінде тіл қатса, «Жан жарымды бір сүйейін түсімде» атты жырында өзі түпсіз қайғыға батады. Жаны шыға жариялайтындағы ақын сөздеріндегі тапқырлық пен өсерлеу, дыбыс үндестігі керемет эстетикалық қуат байқатады («Жұлдызы — жүзік, айды — алқа ғып берейін»). «Тірілдім» дейтін өлеңінде де лирикалық қаһарман өмірден түңіліп жүрген күйінен қасында Гүл болған күні бір сөт арылып, бергі өлемге қол созғандай қалыпта рахаттың аbat бағын кезіп кетеді.

Есі шыға, еш күдік, есепсіз құлай сүйетін жас кейіпкерге ғашығының мұны («Гүлсім») мәңгілік жүректен орын алатын тенденсі жок қасірет ретінде пайымдалатын жағдайлар — негізгі сезім мазмұнын анықтайдында ерекшелік. Мағжанның маҳаббат лирикасында тек өзгермес көніл інкөріғана емес, қас-қағымдағы өсердің құбылма қылығын кестелейтін психологиялық шетін нюонстар да ұнамды, шынайы, еркін:

«Сүйгенім анық» шығармасындағы осынау сезім стихиясының құрделі табиғаты да — көбіне Батыс әдебиетіндегі білген, түйген, көрген нөрсені сүзгіге салмай-ак сол қалпында, өмірлік құбылышпен жарыстыра, пара-пар деңгейде елестетуге ұмтылысты арқадан қагатын символизм бағдарының ұздік ұлғілерінен үйреніп қана қоймай, ұлттық аяда барды дамыта, әрлендіре түсуге

кепіл. Мағжан сырт ажарға қарағанда, жүрек адальдығы, мінез нәріне үстеме назар аударады. Өзін «желге» теңеу таныс болса да, «тұлпарға» балау — ұшқыр киял, символдық өркөуделікті дөлелдемек. Оқиғалық желісі айқын туындыда тіршіліктің шағын мезетін бірге, бірдей өсермен қабылдаған екі субъектінің өр басқа жағдай, иisetте жүруі рухани қайшылық, ширығыс тудырады. Лирикалық кейіпкер қыз алдында ақталып қана бітпейді, өзі үшін өзі таңырқайтын түсініксіз халді бастан кешеді. Кінөлі кім? Ол — «шан жұтырмас», дегбірсіз тұлпар төрізді жүйрік те сері сезім. Ақынның күйзелуі де өдемі. Дәлелі де орынды өрі тылсым. Автор тұғырнамасы бойынша, өмірдің қызығы, мәнділігі мен көркемдігі алдамыш үміт, өткінші қызық, өкініш пен қуаныш, реніштің қайшыласқан жылдам ағысында. «Өмір-теніз», «өмір-дария» деп келетін тұрақты метафоралар суреткөр дүниетанымының ірі психологиялық, философиялық астарларын дәл андатады.

Осы бір өткіншілік ахуалдың терең сырын ақтara қарап, шерлене ұғып, ұдайы мазаланатын Мағжан көптеген жырларында өзгермес уайым сарының ерекше ықыласпен аялатады. Мұнда зәрредей жасандылық жок. Жарық дүниеге келгеніне мәз толып жатқан тоғышарлардан мүлде бөлек кірпияз, тәкаппар, өрмінез ақынның ұлы жаны ауадағы тербелістей сәл дірілге дейін лезде сезініп, тіршілік түйткілдеріне келгенде тіпті сергек, тіпті адад. Сыр бүгіп, күмілжуді қаламайды.

Жоғарыда аталғандай, М. Жұмабаевтың көп туындыларында «қаранғы тұн», «ай», «кун», «сардала» бейнелері белгілі бір тұрақтылық, өзгермес орта жағдайын түспалдаса, екі шығармасының бірінде қайталаңатын бізге өбден таныс «жел» болса, сан құбылған ойнақы, опасыз сырт өлемді таңбалаламақ. «Қысқы жолда» өлеңінде ол ұлғайған мағынасында «боранға» айналып, бірде «осқырып», «ысқырса», бірде «андай ұлып», «сақ-сақ күледі» немесе «әпсүн» оқып үреді : Даланы басқан ак карды «жерді жапқан кебінге» балайтын ақын, сәл назар аударса, автор емеурінін түсіну қынға соқпайды. Долдана бастаған, үзбей күшайған боран — Мағжан ұнатпаған адыр-бұдыр белсенділік заманының бетінен қайтпауы. Ол жалғыздығынан шошиды. Символистік поэзиядағы дараышылдық осындай табиғи жағдайда тамыр жаятынын байқаисыз. Жұрт ақылды, бұл ақымақ па?! Әлде, көп опасыз, бұл ғана айнымас адад ма? Әрине, лирикалық қаһарман өз сенім-нанымынан таюды көзdemеген. Қоғам мен жеке адамның арасындағы рухани керегарлықтан есті жан үшін айықлас мұн оты тұтандады. Ол тоқтауды, сөнуді

білмestей. Ақын сезімі қайшылықта толы. Поззия тұрғысынан төтті қайшылық. Эстетика үшін өсем қайшылық. Ал Мағжанның шын тағдыры осы жолдарда кереметтей дәлдікпен айна қатесіз болжанғаны айдан анық.

«Жазғы жолда» өлеңінде керісінше бұрыннан мәлім «сар дала», «жапан тұз», «жалғыздық» іспетті ландшафт және қоңыл күй атрибуттары қайталанғанмен, «Ешбір леп жок, тып-тымық» ахуал, бәрібір, жан рахатын шақыра алмайды. Боранның орнына «Шілде». Оттай ыстық күн». «Қектің түсі» жай көк емес, «қызылт көк». Қыста дала кебін жамылдып жатса, жаздағы «дала – өлік». Бұлт та жок, үп еткен самал да жок, қапырық. «Жыландай ірілген» жолдағы теңеу мазмұны сапардың сұсты сипатына айғақ. Автор санасты зар күйіне ынғайлас саз табу мақсатымен «жылағанға» үқсайтын «жын», «күйлеген» «перілер» туралы мифтік қиялдың ернінен сүйеді. Дауыл тұрмаса да, тымырсық, шыжыған кеңістік ақын жаңындағы уақыттың қасірет басқан жүзіне жылы шырай бере алмайды. Қыста кездейсөк қатігез ажадан қорқатын лирикалық, кейіпкер өзгелер үшін айлы күннің аманында, тамылжыған нұр сипатты шілдеде «Өлсем екен тұншығып!» деп, шерленеді. «Ақылдың азабы» солай ма? Тағдырдың жазуы ма? «Сөз өнері дертпен тен». Мағжанның символикалық ой шырмауындағы нөрес-тедей пәк, сұлу арманы мен сезімін, адаптың дүріс қабылдауға да рухани мәдениет керек. «Мені де, өлім, өлділе» жырында Мағжан символизміне арқау болған құретамыр тақырып мейлінше ашық, өуендік жағынан күнгірлей, курсіне бейнеленеді. А. Блок «суреткердің ісі – ой түкпіріндегінің көру, «жел жұлқылаған ауамен» тыныстаған музыканы тындау... Адамның қазір музыкасыз тамырын басу мүмкін емес», – деп жазуы XX ғасырдың басындағы жамыраган мол үнді заманадан өрбір талант өз күйін тануды мұрат етегін бейнешілдік поэзия ұстанымдарын аңғартумен тамырлас. «Шолпыда» «Сылдыр, сылдыр, сылдыр... Қанымды қайнатты құрғыр», «Сылдыр, сылдыр, сылдыр... Өзекті өртеді құрғыр», «Сылдыр, сылдыр, сылдыр... Жүректі жандырды құрғыр» боп қайталана, жаңғыра сырланатын дыбыстық бояу бірде: «Орман. Тынған. Белдер – Гүлдер. Күбір, Сыбыр. Тұман – Таң, таң!..» («Біраз Фетшे») боп қысқа қайырыла, ұзак ұғындыра түрленіп құлпыратыны бар. Ақын өуен арқылы ауқымды ой нөрін сыға сипаттауга, ішкі дауыс пен тыскы ғаламнан үндестік іздеуге құмар. Жоғарыдағы туындыдағы өмірден түңілу сезімі «Мені де, өлім, өлділе... Әлділе, өлім, өлділе!»

түрінде өр шумақтың қайырмасына айналуымен автор қоңіліндегі күрсініс деміне орайлас шығады. Мағжан тіршіліктегі сан алуан мұнды оқиғаларды әдемі, ықшам суреттей тұрып, психологиялық егіз сыр тудырады да, сырт дуниедегі материяның сөну құбылысынан жеке төннің де өшү сағатын түйсінетін жан мен буын ырғағына беріле құлақ қояды. Өлімнен бетін сүйіп, алдына алуды өтінетін нөзік сезімнен де мәнгі тіршілік занұлығы аңғарылады. Өйткені Мағжан заттың дененің жоқтан пайда болып, қайталай ғайыпқа көшүін Алла сөзінен, Абай қасіретінен білуге тиіс. Бұл өмірдегі қайылы жанның шын дүниедегі жұмакқа жетеріне сену нышаны анық. Сәбілік сана аралық өткел қызметін атқармақ. Өмір ғана емес, өлім де – ана. Жалғаны қайсы, расы қайда?! Бастауы не? Жалғасы кім? Ол бір Тәңірге аян. Мағжан үшін бұл жердегі ақықат – ішкі сенім, сезімнің білімі. Алып жылан қысып, аза күйін шерткен көне дәуірдегі Лаокоон сияқты Мағжан үшін де ызғары мол жана заман, соқа басының трагедиясы жеті басты аждаһаның от лактырған арандай аузынан кем соққан жок. Символистік эстетиканың өсерлі бояуларына малынған өлеңдегі реалистік мағына осындай.

М. Жұмабаевтың қара сөзбен жазылған «Балапан қанат қақты», «Домбыра», қаланың түрпайы салт-машығынан жеріп, қырдағы қызық-думанды аңсайтын «Айда атынды, Сәрсенбай», «Жазғы қала», «Шойын жол» өлеңдері де – символизм дәстүріне лайық сарын, машықтың көріністері. «Отірік ертек», «Жүсіп хан» поэмаларында астарлы мазмұн, зор ишаралық ой қуаты биік көркемдік өрім, өсем қиялмен айшық табатыны белгілі. Ізгі жүректі, әділ Жүсіп ханың тағдыры уақытшағана үстемдік құрған кеңес жүйесіндегі қайсыбір ұнамды құбылыстарды шебер түспалдайтындей. Мағжанның үшқыр түйсігі көп ретте алдағы уақыттың жұлдызышы-балгеріне үқсас. «Бостандық» өлеңіндегі сияқты аныздық сюжетке құрылған аталмыш поэмада да автор өлеуметтің тұтас тегістігіне қарсы шықпағанмен, ол үмітті құрғақ киял санайды. Неден жабығады? Неге торығады? Белгісіз. Ал белгісіздік – символизм эстетикасының жүрегі.

Мағжан Жұмабаевтың қоңілі жадау, жақсылықтан құдед үзген бейбаққа тән сарыуайым сазын қүйлейтін шығармалары адам жаны мен дуниетанымының соншалық құрделі, қатпары қалың табиғатын барынша шынайы, өзара сеніскең түсінікпен тануға жетелейтін озық сипатты мұра есебінде әдебиет тарихынан әділетті бағасын алуға тиіс.

5. Винарева Л.В. Ономасиологические характеристики семантической деривации в современном английском языке: (Номинация человека): Автореф. дис. ...канд. филол. наук. Киев, 1986. 24 с.
6. Акопова С.Л. Лексико-семантический способ образования имен существительных со значением лица (на основе метафоризации): Автореф. дис. ...канд. филол. наук. М., 1986. 16 с.
7. Оралбаева Н.О. Сөзжасамның жалпы мәселелері // Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесі. Алматы: Ғылым, 1989. 8-63-бб.
8. Исаев С. Қазіргі қазақ тіліндегі сөздердің грамматикалық сипаты. Алматы: Рауан, 1998. 304 б.
9. Есенов Қ. Сөзжасамның лексика-семантикалық төсілі// Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесі. Алматы: Ғылым, 1989. 99-101-бб.
10. Курилович Е. Деривация лексическая и деривация синтаксическая (к теории частей речи, 1936) //
- Очерки по лингвистике: Сб.ст. М.: Ин. Лит-ра, 1962. С. 57-70.
11. Лингвистический энциклопедический словарь. М.: Сов.энцикл., 1990. 685 с.
12. Шмелев Д.Н. Проблемы семантического анализа лексики. М.: Высшая школа, 1973. 232 с.
13. Уфимцева А.А. Аспекты семантических исследований. М.: Наука, 1980. 358 с.
14. Жалмаханов Ш.Ш. Қазақ лексикасының семантикалық деривациясы: Түркі жазба ескерткіштері мен қазіргі түркі тілдерінің материалдары бойынша: Монография. Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2003. 212-б.
15. Балақаев М.Б., Жаппейісов Е., Нұрмұқанов С. Затесімнің жасалу жолдары // Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесі. Алматы: Ғылым, 1989. 102-224-бб.
16. Копыленко М.М., Попова З.Д. Очерки по общей фразеологии: Проблемы, методы, опыты. Воронеж: ВГУ, 1978. 143 с.